



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

ҚҰБ АҚ ТУҢҒЫҢ, ЕРҮЛІК және ÛNDILIK TANYM коллекциялық монеталарын
айналысқа шығарады

Астана қ.

2024 жыл, 26 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Қазақстанның флорасы мен фаунасы» сериясынан **АҚ ТУҢҒЫҢ**, «Қазақстанның әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары» сериясынан **ЕРҮЛІК** және «Жаратылыс сырлары» сериясынан **ÛNDILIK TANYM** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Монеталардың сатуға шығарылатын күні туралы ақпарат ҚҰБ-тың ресми сайтында қосымша орналастырылады.

АҚ ТУҢҒЫҢ коллекциялық монеталары туралы

АҚ ТУҢҒЫҢ (Ақ тұңғиық) – Қызыл кітапқа енгізілген, Қазақстанда сирек кездесетін гүл. Алғаш рет монета мөлдір эмальмен толтырылып, құмды түбі мен тастары бар су беті әсерін беретін жаңа технология қолданылады.

Монеталар:

- 3Д технологиясын қолдана отырып, 925 сынамды күмістен дайындалған. Массасы – 100 грамм, диаметрі – 50 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1000 теңге, дайындау таралымы – 500 (бес жүз) дана;

Күмістен дайындалған монетаның бейнесі



- мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған, массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – proof-like, номиналы – 500 теңге, таралымы – 5 000 (бес мың) дана.

Мельхиордан дайындалған монетаның бейнесі



ERÝLIK коллекциялық монеталары туралы

Ерулік – бұл береке-бірлік пен өзара көмек, қонақжайлылық рухын білдіретін қазақ дәстүрі.

Монеталар:

- «интерференциялық құбылмалы қабат» технологиясын қолдана отырып, 925 сынамды күмістен дайындалған. Массасы – 24 грамм, диаметрі – 37 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1 000 теңге, дайындау таралымы – 1 000 (бір мың) дана;

Күмістен дайындалған монетаның бейнесі



- мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған, массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – brilliant uncirculated, номиналы – 200 теңге, таралымы – 10 000 (он мың) дана;

Мельхиордан дайындалған монетаның бейнесі



- нейзильбер (МНЦ 15-20) қоспасынан дайындалған, массасы – 11,17 грамм, диаметрі – 31 мм, дайындау сапасы – uncirculated, номиналы 200 – теңге, таралымы – 100 000 (бір жүз мың) дана.

Нейзильберден дайындалған монетаның бейнесі



ÛNDILIK TANYM коллекциялық монеталары туралы

ÛNDILIK TANYM – ежелгі өркениеттердің әлем жаратылысы туралы мифологиялық теорияларына арналған «Жаратылыс сырлары» сериясының екінші монетасы. Пілдердің үстінде тұрған тасбақадағы әлемнің бейнесі ежелгі үнді космологиясындағы Ғаламның құрылымын бейнелейді және көбінесе эпикалық және мифологиялық мәтіндерде сипаттауда қолданылады. Тасбақа – Вишну құдайының бейнесі ғаламның негізі мен орнықтылықты білдіреді.

Монеталар тантал қондырмасымен 925 сынамалы күмістен күрделі технология бойынша дайындалған. Монетаның жалпы массасы – 162,2 грамм, диаметрі – 50 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 2 000 теңге, дайындау таралымы – 500 (бес жүз) дана.

Монетаның бейнесі



Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдауға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алуға, аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz